

**Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 4 "Бұқар жырау ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы" шешіміне өзгерісті енгізу туралы**

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 ақпандағы № 6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 13 ақпанда № 6555-09 болып тіркелді

Бұқар жырау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 20 желтоқсандағы №4 "Бұқар жырау ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21936 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*А. Әли*

Бұқар жырау аудандық мәслихатының

2024 жылғы 7 ақпандағы

№ 6

шешіміне қосымша

Бұқар жырау аудандық мәслихатының

2020 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 4

шешіміне 2 қосымша

**Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

1. Пикеттеуді жүргізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары Бұқар жырау ауданыныңкелесі нысандарында 800 метр қашықтықта:

1) жаппай жерлеу орындарында;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;

3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;

4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.